

**Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 19 наурыздағы N 54

"Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 ақпандағы N 3859 U983859\_ Жарлығын атқару мақсатында:

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы екі апталық мерзімде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының  
Ү к і м е т і н е :

бұл ретте, көрсетілген акционерлік қоғам қызметінің негізгі нысанасы - ұйымдар мен жеке адамдардың өзара іс-қимылдарын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тарихи қалаларын қайта өркендету және туризм инфрақұрылымын дамыту жөніндегі қажетті ғылыми және өндірістік әлеуетті біріктіру екендігін белгілеп, "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" ашық үлгідегі акционерлік қоғамын құру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын;

"Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі шаралардың жоспарын енгізсін.

П р е м ь е р - М и н и с т р